КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

25 желтоқсан 2025 жыл іс № 3115-25-00-2/2745 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Тажиева
сот отырысының хатшысы А.Сатаева
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «73652 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Канаева» Канаева Жибек Нурмаханқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі А.Еспенбетова
Жауапкер өкілі Е.Шалбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу негізінде «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «73652 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - талап қоюшы) дара кәсіпкер «Канаева» Канаева Жибек Нурмаханқызы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2025 жылғы 16 шілдеде №146 шарт жасалған, қазынашылық органдарында 2025 жылғы 18 шілдеде тіркелген.

Техникалық ерекшеліктерге сәйкес жеткізу мерзімі қазынашылық органдарында шарт тіркелген күннен бастап 60 күнтізбелік күнді құрайды, яғни міндеттемелерді орындау мерзімі 18 қыркүйек 2025 жылы деп белгіленген. Жабдықтарды жөндеу жинағы 58 бірліктен тұрады. 2025 жылдың 17 қазанында жеткізуші Шалабаев Е.С. тапсырыс берушінің ішінара қабылдауы үшін 55 тауардың тауарларын жеткізілді. Үш элемент, атап айтқанда DP1203-433, DP1203-868 және DP1203-915 радиомодульдері 2003 жылы өндірісі тоқтатылған. Жауапкер тарапынан балама нұсқалары ұсынылған, бірақ олар сәйкес келмеді. Сондықтан тауар толық көлемде жеткізе алмаған, ал тапсырыс беруші ішінара тапсырыстарды қабылдай алмаған.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 30.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.03.2026, судья Тажиева Г. М., 02.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы өз талап қоюында, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, алайда шарт міндеттерін тиісті түрде орындамағандықтан, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшының өкілі А.Еспенбетова талап қоюды қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі Е.Шалбаев талап қоюмен келіспей, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамағандықтан жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272 бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Сондықтан сот жауапкердің іс әрекетін өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған деп табады.

АҚ-нің 360 бабына сай, егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Іс материалдарымен анықталғандай, жауапкер өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, жауапкермен шарт бойынша міндеттемені тиісті түрде орындаудың мүмкін еместігі туралы сотқа дәлелдер ұсынылмады. келісім шарт бір жақты бұзылған.

Сот, жауапкердің келісімге қол қойғаннан кейін Қытайдағы өндірушіден тауарды сатып алу және жеткізу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдағанын ескереді, алайда жауапкер техникалық ерекшелікпен уақытылы танысқан, өзіне міндеттеме алған.

Жауапкер міндеттемелерді уақытылы орындамаған, сондықтан талап қоюшының жауапкер дара кәсіпкер «Канаева» Канаева Жибек Нурмаханқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117 бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге сот шығындары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

Ш Е Ш І М ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «73652 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер дара кәсіпкер «Канаева» Канаева Жибек Нурмаханқызын мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Канаева» Канаева Жибек Нурмаханқызы мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2026, судья Тажиева Г. М., 02.04.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Дара кәсіпкер «Канаева» Канаева Жибек Нурмаханқызынан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге сот шығындары өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: Г.М.Тажиева

Шешім түпкілікті нысанда 30 желтоқсан 2025 жылы шығарылған.

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2026, судья Тажиева Г. М., 02.04.2026

3115-25-3-1/2968